

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ "АЙ" КОСМОНИМИНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСТЕРІ ЖАЙЫНДА

Марита СНАБЕКОВА*

Түйіндеме: «Ай» космонимі - Аспан әлемі атаулары қатарына жататын адамзатқа ортақ астрономиялық атаулар. Алайда әр ұлт осы ортақ әлемді өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өз ұлттық әлемінің тілдік бейнесін жасайды. Әр ұлттың ерекшелігін оның тілі арқылы танып-түсіну қазіргі тілдік коммуникацияның маңызды мәселесі болып табылады. Халықтық космонимдер қатарына ең көне, ежелгі атаулар жатады. Осы көне атаулар мен олардан туындайтын тілдік бірліктер - лингвистиканың нысаны болып табылады. Зерттеу мақсаты – ұлттық діл, дүниетаным көрсеткіші саналатын «Ай» ұғымының ағылшын және қазақ тілдеріндегі лингвомәдени-семантикалық ерекшелігін таныту. Осыған орай, туыс қазақ және ағылшын тілдеріндегі «ай» ұғымының лингвомәдени ерекшеліктерін салғастыра зерттеу міндеттері қойылды. Әлемнің лингвистикалық бейнесі деңгейінде космонимдік жүйе салғастырмалы-типологиялық тұрғыда көп қолға алына қойған жоқ. Қазақ және ағылшын мәдениетіндегі «Ай» космонимінің семантикалық ерекшелігін танытуға қатысты ізденістерден туындайтын нәтижелер ономастиканың кенжелеу қалыптасып келе жатқан саласы-космонимиканың антропоэлекті бағытта дами түсуіне теориялық, практикалық тұрғыда маңызды ықпал етеді. Семасиология, лингвомәдениеттану салалары бойынша тың пайым жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, қазіргі таңдағы зерттеудің құндылық деңгейі айқындалады. Мақала нәтижелері мен қорытындыларын жоғары оқу орындарында лексикология, семасиология, ономастика және лингвомәдениеттану пәндерінен дәріс, практикалық сабақтарда қосымша оқу материалы ретінде пайдалану тиімді.

Тірек Сөздер: Космоним, Әлемнің Тілдік Бейнесі, Лингвомәдени Семантика, Салғастырмалы Зерттеу, Ономастика

Linguistic Representations of the "Moon" Cosmonym in Kazakh and English Languages

Abstract: The "moon" cosmonym is a common astronomical term belonging to the celestial world, shared by humanity. However, each nation perceives and understands this shared world in its own way, creating a linguistic image of its national worldview. Understanding the uniqueness of each nation through its language is a crucial issue in contemporary linguistic communication. Folk cosmonyms include ancient names, and these names, along with the linguistic units derived from them, are subjects of linguistic study. This research *aims* to reveal the linguocultural and semantic features of the concept of the "moon" in English and Kazakh, considering it as an indicator of national mentality and worldview. In this regard, *the task* was set to comparatively study the linguocultural features of the concept of "moon" in the non-related Kazakh and English languages. At the level of the linguistic image of the world, the cosmonymic system has not been widely explored in comparative-typological terms. The results of research related to revealing the semantic features of the "moon" cosmonym in Kazakh and English cultures will significantly impact the theoretical and practical development of the anthropocentric direction of *cosmonymy*, a relatively new field in onomastics. This research will share new insights in semasiology and linguocultural studies, emphasizing *the value of contemporary research*. The *results* and conclusions of the article are beneficial for use as supplementary teaching material in university courses on lexicology, semasiology, onomastics, and linguocultural studies.

Key Words: Cosmonym, Linguistic Image Of The World, Linguocultural Semantics, Comparative Research, Onomastics.

Кіріспе

Аспан әлемі атаулары: Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан – әлемге ортақ астрономиялық атаулар, ең ежелгі халық қойған атаулар болғандықтан, оларды халықтық космонимдер деп те атайды. Халықтық космонимдер астрономия ғылымы терминдерінің өзегін құрайды.

Ономастиканың өзге салаларына қарағанда, космонимдік атаулардың жасалуында өзгешелік бар. Бұл өзгешелік әр ұлттың тұрмыс-тіршілік ерекшелігінен туындайды. Осыған орай, космонимдердің ішкі мазмұн семантикасын анықтау атаулардың жасалу уәжіне үңіле зерттеумен байланысып жатады. Түнде жолаушы жүрген қазақ жүрер жолын да, уақытын да Аспан нысаны *Темірқазыққа* не *Үркерге* қарап

* Магистр, аға оқытушысы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, arumama@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-0110-6814.

айырады. Темірқазық – орнынан жылжымайтын жұлдыз, ал Үркер аспан бойында жылжып жүреді. *Темірқазық* жұлдызының ерекшелігі туралы Шоқан Уәлиханов: “*Темірқазық* деген атау, шамасы, оның тапжылмастан көрнекі жерге орналасуынан берілсе керек, өйткені оған жақын әрі оның айналасында қазыққа байланған аттың жүрісіне ұқсас қозғалыстағы екі жұлдыз “Ақбозат; Көкбозат” деп аталады (Уәлиханов, 2010: 61)”, - деп жазған. *Темірқазықтың* ерекшелігі - қозғалмайтын тұрақтылығы. Жұлдыз атауы - Темір+қаз+ық қалыбындағы екі түбірден жасалған күрделі сөз, екінші сыңар туынды. Денотаттық мағына мен сигнификаттық мағынаны танытушы атаулар логикалық қисындылығымен, мағыналық және мазмұндық тереңдігімен, дыбыстық үйлесімділігімен ерекшеленеді. Мұндағы ішкі мән - *мықтылық, тұрақтылық*, халық осындай қасиетті адамның бойынан көргісі келеді.

Соңғы кездері ғалымдар аспан және аспан денелерінің атауларының тілдегі көрінісіне назар аударуда. «Аспан» және «Жұмақ» ұғымдарының конститутивтік белгілері орыс және ағылшын тілдеріндегі әлем бейнесінде әртүрлі тілдік құралдармен объективті түрде көрсетілген. Алғашқы мәдени формациялар бола отырып, ұғымдар тілдік тұлғаның санасында оны қоршаған мәдени шындықтың бейнесін қалыптастырады. Жеке адамның санасында қалыптасқан бұл бейне бір мәдениет өкілдерінің өзара түсіністікті қамтамасыз ететін дүниенің құнды бейнесін құрайды. Зерттелетін ұғымдардың номинациялық сөздерінің ішкі формасын талдау бұл сөздердің бастапқы мағынасын, сондай-ақ номинация негізінде жатқан бейнені немесе идеяны қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан номинация – дүниені таңбалау процестері ғана емес, сонымен бірге дүниені тану, құру, оны бағалау, түсіндіру процестері болып табылады.

Зерттеудің Материалдары Мен Әдістері

Туыстығына қарай түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын *қазақ* тілін үндіевропа тілдерімен, оның герман тобына жататын *ағылшын* тілімен салғастыра зерттеу өткен ғасырдың соңына қарай өрістеп келеді. Атап айтқанда, Ш.Б. Арынғазина, Р.Б. Жүсіпова, Б.Н. Атаханова, Ф.А. Оспанов, А.Ә. Молдасанова, М.Б. Ибраева, А.С. Қондубаева, т.б.еңбектер қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизмдері құрылымдық, уәжділік тұрғысынан, мақал-мәтелдер шығу тарихы мен ұқсастығы жағынан, тіл мен мәдениет арақатынасы көрінетін әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан сипатталып, ұқсастығы мен ерекшелігі анықталған. Осы зерттеулерге қарағанда, қазіргі қазақ лингвистикасында белгілі ұлт дүниетанымының айшықты көрінісі саналатын фразеологизмдері мен мақал-мәтел тәрізді тілдік бірліктері жан-жақты зерттеу нысанына айналып, өз алдына салыстырмалы және салғастырмалы фразеология болып қалыптасып келе жатқаны көрінеді. М.К.Доспағанбетованың «Лексикографиялық деректердегі космонимдер» еңбегі «Ай», «Күн», «Тәңір» космонимдерін лексика-семантикалық, танымдық тұрғыда салыстыра зерттеуді мақсат еткен. Ал зерттеу нысаны болып отырған қазақ тілі аспан әлемі атауларын туыс емес тіл деректері бойынша салғастыра зерттеу әзірге қолға қоймағаны байқалады. Бұл салада «Аспан», «Ай», «Күн», «Жұлдыз» космонимдерін аспан әлемі (М.Ысқақов, Х.Әбішев, Т.Жанұзақов т.б.) атауларының салғастырмалы табиғаты, дәстүрлі мәдениеттегі күнтізбе (Қ.Аронов, О.Әбутәліп) және жыл маусымдарының жіктелу ерекшеліктері жайындағы ізденістер мен т.б зерттеулерін атауға болады.

Зерттеу материалдарын аталған салалар бойынша семантикалық, компоненттік, компаративті-контрастивті талдаулар арқылы белгілі нәтижеге ие болды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Ай» космонимінің қызметін, мағыналық топтарын салыстырмалы түрде зерттеу өте маңызды. Себебі сыртқы ұқсастығына қарамастан «Ай»

космонимі мағынасы жағынан, ағылшын тілінде өзінше ұқсастықтар мен ерекшеліктеріне ие, яғни халықтардың да дүниетанымдары әртүрлі.

Зерттеу Нәтижесі және Талқылау

«Ай» - алдымен, түнде жарық шашып тұратын аспан денесі, *астрономиялық атау* (лат. *Luna*). Жердің табиғи серігі, түнде жарық сәуле түсіріп тұратын, жерге ғарыштағы ең жақын ғаламшар. Халық астрономиясы мен метеорологиялық тәжірибесінің ең іргелі саласы қалыптастырған қазақы ортада тіршілік цикліне байланысты атқарылған салттар, ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар аспан денелерінің бірі.

Махмұд Қашқари «Ай» - *Tolun aj* (толған ай) және «отыз күннен құралатын мерзім»; *Aj bitiki* - «айлық жазба, әскерлердің аты-жөні мен тамағы жазылатын дәптер» мағыналарында берілген (Қашқари, 1997: 69,112).

Ағылшын тілінде *moon*(ай) сөзінің этимологиясы: Ескі ағылшын тіліндегі *mōna* сөзі герман тілінен шыққан; сондай-ақ *ай* (месяц) сөзін білдіретін голландиялық «*таан*» және неміс «*mond*» сөзіне қатысты, латын тіліне ортақ үнді-еуропалық түбірден *mensis* және грекше *mēn* ‘month - ай (месяц)’ және латынша *metiri* ‘to measure - өлшеу’ (уақытты өлшеу үшін ай қолданылған).

Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде айға: 1. түнде аспанда көрінетін жердің табиғи серігі (the natural satellite of the earth that can be seen in the sky at night); 2. кез-келген планетаның серігі (a satellite of any planet) (Хоккинс, 2002: 299); жерді 27½ күнде бір рет айналып өтетін және түнде күннен шағылған жарықпен жарқырайтын дөңгелек нысан (*singular* the round object that moves around the earth once every 27½ days and shines at night by light reflected from the sun); белгілі бір уақытта аспанда көрінетін ай (the moon as it appears in the sky at a particular time) деген анықтамалар мен қоса айдың фазаларына да түсіндірме берілген: **The full moon (толған ай)** - Ай толық шеңбер түрінде пайда болған кезде; *айдың толуы* орын алатын уақыт (the moon when it appears as a full circle; a time when this happens). Мысалы: The road shone frostily under *the full moon* - Жол *толған ай* астында аяздай жарқырап тұрды. *The full moon hung high in the night sky* - *Толған ай* түнгі аспанда биікте ілініп тұрды; **The half moon (жарты ай)** - 1. Жерден айдың жартысы ғана көрінетін кез; айдың жартысы ғана көрінетін уақыт (the moon when only half of it can be seen from the earth; the time when this happens); 2. пішіні жарты айға ұқсайтын нәрсе (a thing that is like a half-moon in shape); **The harvest moon** - күн мен түннің ұзақтығы бірдей болатын уақытқа жақын **күздегі толық ай** (a full moon in the autumn nearest the time when day and night are of equal length); **The new moon (жаңа ай)** - 1. жіңішке қисық пішінге ұқсайтын ай (= жарты ай) (the moon when it looks like a thin curved shape (= a **crescent**)); 2. айдың осындай (жарты) пішінге ие болған уақыты (the time of the month when the moon has this shape)

Оксфордтық коллокациялар (сөз тіркестер) сөздігінде Ағылшын тіліндегі "moon" (ай) сөзі көптеген тіркесімдермен (коллокациялармен) қолданылып, әртүрлі мағыналарды береді. Мысалы, сын есімдермен тіркесіп, "bright moon" (жарқын ай), "pale moon" (бозғылт ай), "large moon" (үлкен ай), "crescent moon" (жарты ай), "full moon" (толық ай), "half moon" (жарты ай), "new moon" (жаңа ай) секілді тіркестер жасалады. Етістік және "moon" сөзі тіркескен, "cover the moon" (айды жабу), "hide the moon" (айды жасыру), "fly to the moon" (айға ұшу), "go to the moon" (айға бару), "land on the moon" (айға қону) сияқты қолданыстар кездеседі. Ал "moon" сөзі етістікпен тіркескен, "the moon appear" (айдың шығуы), "the moon come out" (айдың шығуы), "the moon rise" (айдың көтерілуі), "the moon shine" (айдың жарқырауы), "the moon set" (айдың батуы), "the moon wane" (айдың кемуі), "the moon wax" (айдың кемуі), "the moon orbit sth" (ай бір нәрсенің айналасында айналады) сияқты қолданыстарды көруге болады. Сонымен қатар, "moon"

сөзі зат есіммен тіркесіп, "moon landing" (айға қону), "moon base" (ай базасы), "moon rocket" (ай зымыраны) секілді тіркестер жасалады. Шылаулармен тіркескен, "on the moon" (айда), "under a/the moon" (айдың астында) тіркестері жиі қолданылады. Сондай-ақ, "the light of the moon" (айдың жарығы), "the surface of the moon" (айдың беті) сияқты фразалар да қолданылып, "moon" сөзінің көпқырлығын айқындай түседі (Oxford Collocations Dictionary). Осы тіркестер арқылы "moon" сөзінің қолданыс аясы кеңейіп, сөйлемдерге ерекше мән беріледі.

Сөздіктерде берілген анықтамаларды қорытындылай келе, зат есім ретіндегі *moon*/ ай сөзі: 1) Жер серігі; 2) планеталардың серігі; 3) ай; 4) ай (уақыт); 5) мүмкін емес немесе қол жетпейтін нәрсе (reach for the moon – айға жету) (Gove, 1993: 1466); және етістік қызметіндегі *to moon* ай сөзі келесі мағыналарда қолданылады: 1) *ескірген*. Ай сәулесіне бұрылу; 2) армандап, қиялдап уақыт өткізу; 3) кезу, қозғалу, түсінде жүру; *to moon eticстігінің екінші және үшінші мағыналары үшін* ағылшын-ағылшын сөздіктерінде *dream* сөзі синоним ретінде көрсетіледі (соған байланысты: *to dream away, to move / gaze dreamily*). *Moon* сөзінің мағынасын лексикографиялық талдау негізінде оның құрамында 'спутник', 'уақыт', 'қиял-арман/қиялдау', 'жарық', 'мүмкінестік/қолжетпестік', 'ұйқысырау' сияқты семалар бар екендігі анықталды.

Сонымен, зерттелген қазақ және ағылшын тілдерінің лексикографиялық дереккөздерінде «Ай» және «Moon» космониміне байланысты атаулардың шығу тегі, интерпретациясы және даму аспектілері қарастырылады. «Ай» және «Moon» космонимдерінің ерекшеліктерін анықтау үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі құрамында «Ай» және «Moon» компоненті кездесетін фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және тұрақты сөз тіркестері төмендегідей топтары қарастырылды:

1. Ауа-райының өзгеруіне байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:

Зерттелген материалды талдау негізінде қазақ және ағылшын тілдерінде де ай/moon космонимінің фазасы, түсі және қозғалысына байланысты ауа-райының өзгеруі туралы ой вербалданады. Түркі мәдениетінде Күн мен Ай аспан шырақтары ретінде ерекше қадірленген. Көшпелілер үшін Айдың маңызы зор болған, себебі олар Айдың фазаларын бақылап, жыл мезгілдерін болжаған. Олар Айдың кішірейіп, жаңа айға ауысқан кезде ауа-райы өзгертетінін, циклонның басталатынын білген. Бұл халықтық дүниетаным айдың климатқа әсерін терең түсінгенін көрсетеді (Смағұлова, 2020: 133). Сондай-ақ, *Ай шалқайып туса, күн суытады. Ай еңкейіп туса, қыс - жылы, жаз - ыстық болады. Ай мүйізге ұқсап шанышылып туса, күн қыста желді, суық, жазда аңызақ желді болады. Ай дөңгеленіп туса, қыс аязды болады.* Аспандағы бұлттар ақ шарбы болып баяу қалқыса, күн жақсы болады деген ауа-райын болжауы аспан денелерінің орналасуын жеті бақылап өзгешелікті анықтай алуының нақты дәлелі. *Ай қораланды. Толған ай кызыл арайланып мұнартты. Ай қораланса, айырыңды сайла.* Есепшілердің ай қораланса, күн суытатыныны белгісі деп ауа райын жоруымен байланысты айтылатын ескертпе сөзі. Айдың өліарасынын (өліара) жауын-шашынсыз болуын *Ай арасы толас* болды дейміз.

Ағылшын тіл мәдениетінде де ай/moon космониміне деген ерекше қатынасты байқадық, мысалы, ай космонимі бар ағылшын мақал-мәтелдерінде де ауа-райына қатысты айтылады: *old moon in a fog costs gold* (i.e. there will be rain) - тұмандағы *ескі ай* алтынға тең (яғни жаңбыр жауады), *The moon with a circle brings water in her beak* - Айдың айналасында шеңбер болған кезде жаңбырлы болады; *the fifth and the sixth days after a new moon establish weather* - жаңа айдың бесінші және алтыншы күндерінен кейін ауа райы анықталады; *The old moon seen in the new moon's arms is a sign of fair weather* - Ескі айдың әлсіз көрінетін дискісінің фонында пайда болған ай, жақсы ауа-райының болатындығының белгісін білдіреді (Dunwoody, 1883: 60). *Old moon in new moon's arms* нарождающийся месяц на фоне слабо виднеющегося диска луны (Кунин, 1984: 514).

Қазақ және ағылшын тілдерінің көпшілік ай космонимі кездесетін идиомалары мен мақал-мәтелдері, метеорологиялық сипатқа ие және зерттелетін тілдерде жүзеге асырылған метеорология туралы аңғал (ғылымға дейінгі) идеяларды көрсетеді. Ю.Д. Апресян адамның дүние туралы аңғал ойлары туралы былай деп жазады: «Они отражают опыт интроспекции десятков поколений на протяжении многих тысячелетий и способны служить надежным проводником в этот мир» (Апресян, 1995: 351). Ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де «ауа райына байланысты» лексика-семантикалық топшасының мақал-мәтелдері нұсқаулық сипатта емес екенін де айта кеткен жөн.

2. *Айдың жарықтығы немесе қараңғылығына байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:*

а) *Кедергі/кедергісіз әрекет ету мағынасындағы:*

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ай/moon космонимі кездесетін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер көбінесе айдың жарықтық немесе қараңғылық сипатына қарай «айдың кедергі немесе кедергісіз» болу семантикалық мағынасына негізделген. Қазақ тіліндегі *Мен ұрлық қылғанда ай жарық болды* < 1. Ұрлық-қарлық жасаушы, әдетте, өліара кезін, не қараңғы түнді көбірек пайдаланып, қолға түсіп, ұсталып қалу қауіпінен қорқып, бұлтсыз түнгі айдың жарығын қаламаған; 2. ауыс. «мен бір әрекет істегенде, осындай көлденең кедергі пайда болатыны, айғақтың дайын тұратыны» бар деп налу> (Қайдар, 2004: 431). Ағылшын тілінде де кедергісіз іс-әрекет жасау үшін, ай жарығын бейнелі тілде пайдалана отырып, жалданбалы пәтер ақысын төлемеу мақсатында көшіп кету (қашып кету) мағынасындағы әдетте түнгі уақытта, ай сәулесінде ақырын және тыныш қозғалу дегенді білдіретін *do a moonlight flit* идиомасы және *To shoot the moon* (айды ату) сияқты слэнгтер кездесті.

б) *Әшкерә ету мағынасында:*

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ай/moon космонимдерінің идиомалар мен мақал-мәтелдер «айдың жарықтығы/айқындық» семантикалық мағынасына негізделген мысалдарда кездесті. Қазақ тіліндегі Айдың жарығында барлық нәрсе көрінетіндігі сияқты жасырын нәрсенің бетін ашу мағынасындағы *бетін айдай [аймандай] қылды [етті] Қара бет қылды, жерге қаратты, кінәсын бетіне басып ұялтты. Абайдың өзі ғана емес, Оразбайдан елдің өшін аламыз. Бір өзі емес, оған құрық берген айыпкердің бәрін жазалаймыз, айып тарттырамыз, бетін айдай етемін десті (М.Ә.). Бәрі де жаңағы айтқандай: Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты етеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп жығамыз дескен еді* (Кеңесбаев, 1977: 117) фразеологиялық бірліктер кездесті. Ағылшын тілінде өте қатал әзілдеу немесе жек көру, жаман ренжіту мағынасындағы *to moon* (айдай қылу) деген ай сөзінің етістік ретіндегі слэнгтік қолданыс бар. Ол еңкейіп артын ашып көрсетіп, наразылықты білдіреді.

3. *Айдың қол жетпестігіне байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:*

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ай/moon космонимдерінің идиомалар мен мақал-мәтелдері көбінесе антропоцентрлік сипатқа ие және «қол жетпестік» семантикалық мағынасына негізделген. Мысалы, қазақ тіліндегі *айға қолы жеткендей* - бейне бір кемеліне келіп, болып-толып отырғандай; *Айға шапты*, қол жетпеске құлаш ұрды; *айға ұмтылды (талпынды)* - қол жетпеске талаптанды мағынасын беретін фразеологиялық бірліктер кездесті. *Арыстан айға шауып мерт болыпты* сияқты мақал-мәтелдер де антропоцентрлік сипатқа ие, бос әуреге ие болып, қол жетпеске ұмтылды мағынасын білдіреді. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі *jump over the moon* (аспанға секіру); *aim at the moon* (айды көздеу) идиомалары адамның эмоциялық жағдайын білдіретін перифрастикалық метафоралық номинациялар болып табылады. Осы топқа қол жеткізе алмайтын немесе қол жетпейтін нәрсені қалау; мүмкін емеске тырысу мағынасын беретін (*To want something that you cannot reach or have; try for*

the impossible) *ask for the moon* or *cry for the moon* (айды сұрау немесе айды сұрап жылау) фразеологизмдерін жатқызуға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан айдың алыс, қол жеткізуге қауқарсыздығы сипатталып, бос әуре болу мағынасы ай космонимі колданылып әдемі бейнелі тілдік бірліктермен беріледі.

4. *Айдың ортақтық мағынасына байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:*

Қазақ тіліндегі «айдың қол жетпейтіндігіне» байланысты семантикалық мағынасына қарама қарсы “ай ортақ” мағынасындағы мақал-мәтелдің тәрбиелік сипатқа ие екенін атап өткен жөн, мысалы, *Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ - Жақсы адамның шарапаты ай мен күндей, жұртқа бірдей түседі. Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ демекші, балаңызға ортақ көп болса, жақсылығы дағы. Оған қуанған мақұл* (Кеңесбаев, 1977: 19); *Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ < ауыс*. Аспандағы Ай мен Күннің сәуле-жарығы сияқты, жер бетіндегі игі-жақсы адамдардың жақсылығы мен шапағаты да елдің бәріне бірдей, тең-ертең, ешкімге жеке-дара бөлініп-бөлшектенбейді; ұлылықтың қасиеті де сонда демекші ... > (Қайдар, 2004: 180). Адамның шарапатын тигізіп, жақсылық нұрын шашып жүрсін мағынасы ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдеріне тән емес ерекшелік болып табылады.

5. *Уақытты анықтауға байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:*

«Уақытты анықтау» мағынасында «ай»/«moon» космонимі бар тұрақты сөз тіркестері күн, ай, жыл сияқты семантикалық мағынаны білдіретін қазақ тіліндегі *айдың бір жаңасы* - жұлдыздың, айдың алғашқы күні (Кеңесбаев, 1977: 18); *ай артынан ай өтті* - уақыт озды (айлар өтті). *Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл, артынан жыл өтеді. Екі қыз өсіп, бой жетеді* (Кеңесбаев, 1977: 16); *жыл он екі ай* - жыл бойы, *Қойшы жыл он екі ай қой соңында сүйретіліп жүрсе де, оның табан ақы, маңдай тері іске аспайтын* (Кеңесбаев, 1977: 220) фразеологизмдер кездесті; *баһар айда қырқары* - (*Екі саулық, бір қозы, Баһар айда қырқарым.*) (Кеңесбаев, 1977: 107) көктемге салым күнелтетін, әжетке жарататын малы жайлы айтылып тұрғанымен ай сөзі баһар сөзімен тіркесе келіп, көктем айындағы уақытқа баса екпін түсіріп айтылып тұр. Осы топтағы жоғарыдағы мысалдардың барлығы дерлік тек қана қазақ тілінде ғана кездеседі және ағылшын тілдерінде тура ортақ мағыналық сипаттамаларға ие болмасада, уақытқа байланысты әдеби қолданыстағы мынадай *dark of the moon* (айдың қараңғысы) - Ай жарқырамайтын немесе көрінбейтін уақыт білдірсе, оған қарама-қарсы мағынада айдың жарық кезін білдіруде толық ай тіркесі арқылы *full of the moon* - ай толық шеңбер ретінде көрінген кезде, толық айдың уақытын білдіретін фразеологиялық бірліктер кездесті.

Сонымен қатар, *айдан-айлар жүрді* - ұзақ сапар шекті. *Айдан-айлар жүрдім, астымдағы атым зорығып өлді* (Кеңесбаев, 1977: 16). Бұл мысалдан көретініміз ұзақ уақыт өткендігі, яғни бірнеше айлардың өткендігі көрінеді және осы мағыналас ағылшын тіліндегі *Many moons ago* - көп айлар бұрын, және бейресми қолданыстағы өте сирек немесе ешқашан дегенді білдіретін *once in a blue moon* (көгілдір айда бір рет) идиомалары кездесті.

6. *Адамның көңіл-күйін, сезімін білдіруге байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:*

Қазақ тілінде антропоцентристік характердегі адамның көңіл-күйіне байланысты «ай»/«moon» космонимі бар фразеологиялық тіркестер: *Айға ұшты* - Көңілі аспанға шарықтады. *Айы оңынан туды* - дегеніне жетті, жолы болды, бағы жанды, мақсаты орындалды мағынасын білдіреді. Сондай-ақ төмендегі мысалдардан адамға бақыт тілеу және сұрау мәнді мысалдар арқылы қазақ тіліндегі бай қолданысын байқадық: *Бәрекелде, Жібекжан, Айың тұсын оңыңнан, Жұлдызың тұсын солыңнан. Ал отырыс болмасын, Құдаларға барайық, Барып бедел салайық, Мал жеткенше мал беріп, Малға қоса жан беріп, Құдаларды алайық* (Кеңесбаев, 1977: 22); Теңдік тиер бізге де күн келер

ме? Бізден соңғы еркін күнді көрер ме? «Адам болмай, осы көрім жансын» деп, Надандықтың жаққан оты сөнер ме?! Оңнан айым, күнім туып сол жақтан, Алашыма айнадай сәуле берер ме? (Кеңесбаев, 1977: 417).

«Moon (Ай)» космонимінің адамның өте бақытты, экстатикалық сезімінде болу мағынасын көрсету ерекшелігі ағылшындарда адамды айдың үстінде бейнелеу арқылы *Be over the moon den* әсерлі етіп қолданылған. Сондай-ақ, ата-ананың балаға немесе екі адамның арасындағы махаббатты көрсетуде *to love someone to the moon and back* - біреуді айға барып қайтқанша сүю идиомасы, айдың қашықтығына байланысты сезімнің күштілігін жеткізіп қолданылады. Бұл фразеологизмдерде «ай» адамның көңіл-күйін, бақытын және махаббатын көрсету үшін метафоралар қолданыс ретінде әрекет етеді.

7. Сұлулықты сипаттауға байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:

Қазақ және ағылшын тілдерінде ай/moon космонимдерінің сұлулық символы ретінде қолданылатындығы көркем әдебиеттерде көптеп ұшырасады. Смағұлова когнитивтік психология мен жасанды интеллект саласында схемалар кейде “фреймдер” деп аталатындығын және бұл схемаларды фразеологизмдердің мағыналық құрылымын модельдеу үшін қолданылатындығын айтады. Кез келген зат пен құбылыстың кеңістіктегі контуры мен геометриялық пішіні болады. Схемалар когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер арқылы жиналған ақпаратты біріктіріп, құрылымдауға ерекше рөл атқарады. Қазақ мәдениетінде “әйел” ұғымы “сұлулық” микроконцептісі арқылы схемалық түрде асқан сулу, өте ажарлы, нұрлы, көрікті сұлу қыздарды бейнелейтін “*ай десе аузы, күн десе көзі бар*”, *атқан таңдай және жаңа туған айдай* сияқты сөз тіркестерді мысал ретінде келтіреді (Смағұлова, 2020: 70). Бұл мысалдардың қатарына *Ай дидарлы, Айдай көрікті және Ай мен күндей*, әмбеге [әлемге] бірдей [жарығы бірдей] деп асқан сұлу, көрікті, ешкімнің таласы жоқ, ешкімге жаттығы жоқ, бәріне бірдей мағынасындағы сөз тіркестермен толықтырауға болады. Поэтикалық тұрғыдан келбетті, көрікті реңді, ажарлы қыздарды *Ай маңдай, Ай маңдайлы, Ай жүзді, Ай қабақ деп ай келбетті*, қасқабағы келіскен қыздарға өлең жолдарын арнамаған ақын кездеспес. Жұптардың жарасымдылығы мен үйлесімділігі жайлы *Ай қасында шолпандай* деп келтіреді.

Ағылшын тілінде сұлулық сезімін сипаттау үшін күміс айды қолдану кездесті: *Her smile was a silver moon in the night* - оның күлкісі түндегі күміс айдай болды немесе *like full moon* - толық ай сияқты, *Round as the full moon* - Толық ай сияқты дөңгелек және *Mild as a moonbeam* - Ай сәулесіндей жұмсақ (Wilkinson and "others", 2002: 422) деген идиомалар кездесті және олар қазақ тілінен ерекшелігі олар тек қана әйел адамның ғана сұлулығын емес басқада жансыз заттардың пішіні, жұмсақтағына байланысты қолдана беретіндігі анықталды.

8. Наным- сенімге байланысты «ай» компонентті фразеологизмдер:

Зерттелген материалды талдау негізінде тек қана қазақ тілінде ғана ай/moon космонимдерінің діни наным-сенімдерге байланысты қолданылатындығы белгілі болды. Мысалы: *жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке* - Ай жаңа көрінгенде айтылар тілек-бата *Ай көрдім, аман көрдім, Баяғыдай заман көрдім. Жаңа айда жарылқа, Ескі айда есірке!* (Кеңесбаев, 1977: 188). Қазақтар жаңа туған айды құрметтеп, сәлем берген және жазда айға тағзым еткен жердің шөбін алып отқа тастаған (Рысбаева, 2007: 78). Сондай ақ- айға байланысты *Ай сәулесін бетіңе түсіртпе, Ай толғанда желі тартпа, Ай толғанда жолға шықпа, Ай толғанда көшпе, Ай толғанда қыз ұзатпа, Ай толғанда үй тікпе, Жаңа ай туғанда қойға қошқар жіберме* деген де сақтық шарасындағы тиымдар да бар.

Исламда Ай діни символ ретінде ерекше орын алады. Ай символикасы мәдени тұтастықты білдірумен қатар, рухтар әлемімен байланыс орнатушы деп есептеледі. Зираттардағы Ай белгісі ұрпақтардың, салт-дәстүрлердің жалғастығын айшықтайды (Смағұлова, 2020: 134). Жоғарыдағы келтірілген мысалдарды зерделей келе, ата-

бабаларымыздың мифологиялық дүниетанымында, түсінігінде Ай жаратылып пайда болудың, өсіп-өнудің, толысудың, одан біртіндеп кемудің, азаюдың, түбінде құрып бітудің нақты нышаны, аспандағы көрінісі болып табылған (Бекзат, 2021).

Айдың фазаларына байланысты наным-сенімдерді зерделеп қарасақ, әйел адам баласын *тоғыз ай, тоғыз күн* көтереді деген тіркес бар. Бұл аналарымыздың ай фазаларындағы өзгерістерді жақсы білгендігін және 28 күндік ай календарын қолданғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, жүкті болған әйелдің босану уақытысынан шатаспау үшін 243 құмалақты қалташаға салып қойып күніне бір құмалақтан алып тастап отырған.

Ағылшын тілінде құрамында ай космонимі кездесетін наным-сенімге байланысты ақымақша сенгіш мағынасын білдіретін *Like old Mode of Mobberley, that saw the new moon i' th' morning - таңертең жаңа айды көрген Мобберлидің ескі режимі сияқты* (Wilkinson and "others", 2002: 423) деген идиомадан басқа кездестіре алмадық. Бұл идиомада ырымшыл немесе оңай алданатын адамды сипаттау үшін жаңа айды көру сияқты тіркес пайдаланылған. Ол айдың белгілі бір фазаларында айға қарау жақсы ырым деген сеніммен байланысты.

Қорытынды

Құрамында ай/moon космонимі кездесетін қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің салыстырмалы талдауы тақырыптық-мағыналық сегіз топқа бөліп қарастырылды және тілдік-мәдени сипаттамаларындағы ортақ және айырмашылықтары анықталды. Қазақ тілінің фразеологизмдерінде және паремияларында айды аспан денесі ретінде артықшылық беру байқалады. Қазақ мәдениетінде халықтың санасы айды жоғары бағалап қадір тұтқандығы наным-сенімдерге, сұлулықты сипаттауға және уақытты анықтауға байланысты фразеологизмдерінде ерекшеленіп көрінді. Ағылшын тілдік-мәдениетінде айға *to moon* деген слэнг – еңкею және артын ашып көрсету – мағынасы өте қатал әзілдеу немесе жек көру, жаман ренжіту сияқты нашар қарым-қатынасты көрсететіндігі байқалады.

Айдың жарықтығы мен қараңғылығына байланысты қазақ және ағылшын тілдеріндегі ай компонентті фразеологизмдерді талдау жеке адамның санасында қалыптасқан мәдениетаралық түсіністікті көрсетеді. Қазақ тіліндегі «мен ұрлық қылғанда ай жарық болды» және ағылшын тіліндегі «do a moonlight flit» сияқты идиомалар айдың жарықтылығын және қараңғылығын адам әрекеттеріне тигізетін кедергілер немесе мүмкіндіктер ретінде суреттейді. Фразеологизмдерді зерттеу олардың бастапқы мағынасын және номинация негізіндегі идеяларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан номинация – бұл тек дүниені таңбалау процестері ғана емес, сонымен бірге дүниені тану, құру, оны бағалау, түсіндіру процестері болып табылады. Мысалы, ай компонентті фразеологизмдер адамның көңіл-күйі, сезімі, сұлулығы, діни наным-сенімі, ауа-райының өзгеруі және уақытты анықтауды бейнелейді. Ай компонентті фразеологизмдер мәдениеттер арасындағы ұғымдардың ортақтығы мен ерекшеліктерін көрсетеді және бұл мәдениетаралық түсіністікті қамтамасыз ететін құнды бейнені құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Апресян, Ю. Д. (1995). *Избранные труды. Т. 1. Лексическая семантика: Синонимические средства языка*. Москва: Школа «Языки русской культуры», Изд-во «Восточная литература» РАН.
- Бекзат, М. (2021). *Көшпелілер мәдениеті*. Қазақ ырымдарындағы отбасылық құндылықтар [Жеке блог 2021, Май 6]. сілтеме: <https://massaget.kz/blogs/27936/?ysclid=lc23b8g1r9718656844>
- Жуков, В. П. (1986). *Русская фразеология*. Москва: Наука.

- Кеңесбаев, І. (1977). *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. Алматы: Ғылым.
- Кунин, А. В. (1974). *Курс фразеологии современного английского языка* (Изд. 2-е, перер.). Москва; Дубна: Феникс.
- Қайдар, Ә. Т. (1998). *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. Алматы: «Ана тілі».
- Қайдар, Ә. Т. (2004). *Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)*. Алматы: “Тоғанай Т”.
- Қашқари, М. (1997). *Диуани-лугат-ит-түрік*. (Том 1).
- Рысбаева, Г. (2007). *Айдың таңбалық сипаты*. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сер., (4), 78-80.
- Смағұлова, Г. (2020). *Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография*. Алматы: «Елтаным баспасы». ISBN 978-601-332-718-1.
- Уәлиханов, Ш. (2010). *Қырғыздардың космологиялық түсініктері. Көптомдық шығармалар жинағы*, 4-том (61-63 бет). Алматы: Толағай групп.
- Хокинс, Дж. М. (2002). *Толковый словарь английского языка*. 828 с. Astrel, АСТ.
- Dunwoody, H. H. C. (1883). *Weather proverbs*. Washington: Government Printing Office.
- Gove, P.B. (1993) *Webster's third new international dictionary of the English language unabridged*. Merriam-Webster, Incorporated.
- Wilkinson, P. R. (2002). *Thesaurus of traditional English metaphors* (2nd ed.). Peter Richard.

